

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

# **FinePower Basic RHB0120** **перфораторы**

# Мазмұны

<b>Сақтық шаралары .....</b>	<b>4</b>
<b>Құрылғы сызбасы.....</b>	<b>7</b>
<b>SDS Plus жұмыс құралын пайдалану.....</b>	<b>8</b>
SDS Plus патронын орнату және ауыстыру .....	8
SDS Plus патронын шығару .....	8
Цилиндр білікті бұрғылау патронын орнату .....	8
<b>Құрылғыны пайдалану .....</b>	<b>9</b>
Құралды қосу/өшіру.....	9
Үздіксіз жұмыс.....	9
Жұмыс режимін таңдау .....	9
Жұмыс режимдерін ажыратып-қосқыш .....	10
Оңға/солға айналу арқылы бұрандалы шегелерді бұрау және бұрап шығару режимі .....	10
Бұрандалы бекітпе режимі .....	10
Қашауларды қайрау .....	11
Бұрғылау тереңдігін шектеуіш .....	11
Алынбалы тұтқа .....	11
<b>Техникалық қызмет көрсету.....</b>	<b>12</b>
<b>Техникалық деректері .....</b>	<b>12</b>
<b>Жинақ құрамы.....</b>	<b>13</b>
<b>Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату шарттары мен ережелері .....</b>	<b>13</b>
<b>Қосымша ақпарат .....</b>	<b>14</b>

# Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сапасына, функционалдылығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес өндіріліп жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Қолданар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану мен күту жөніндегі ұсыныстардан тұратын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап, өнімді пайдаланған кезде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Перфоратор — бұл кірпіш, бетон, тас, ағаш және металда саңылау бұрғылау және қашау үшін қолданылатын кәсіби құрылыс құралы.

## Сақтық шаралары

- Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтары мен нұсқауларын оқып шығыңыз. Нұсқаулықтар мен нұсқаулардың түгелдей орындалмауы электр тоғы соғуына, өртке және/немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Барлық нұсқаулықтар мен нұсқауларды болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Қауіпсіздік туралы ескертулердегі «электр құралы» термині, электр желісінен (кабельмен) немесе аккумулятордан (кабельсіз) жұмыс істейтін электр құралын білдіреді.
- Жұмыс орнының таза және тиісінше жарық болуын қамтамасыз етіңіз. Бейберекетсіздік пен жарықтың жетіспеуі жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Электр құралын жарылу қаупі бар ортада, мысалы, жанғыш сұйықтықтар, газдар немесе шаң түзілген жерде пайдаланбаңыз. Электр құралын пайдалану барысында ұшқындар шығады, бұл шаң немесе будың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр құралын пайдаланған кезде балалар мен бөгде адамдар қауіпсіз қашықтықта болуы тиіс. Зейіннің аландауын құралды бақылай алмауға әкелуі мүмкін.
- Әрдайым желідегі кернеудің техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген кернеуге сәйкес болуын тексеріңіз.
- Электр құралдарының штепсельдері желі розеткасына сәйкес келуі қажет. Штепсельді аша құрылымын еш өзгертуге болмайды. Жерлендірілген электр құралдарымен бірге ешқандай адаптерді пайдаланбаңыз. Түпнұсқа штепсельдер және оларға сәйкес желі розеткалары электр тоғының соғу қаупін төмендетеді.
- Құбырлар, радиаторлар, асүй пештері және тоңазытқыштар сияқты жерлендірілген беттерге денеңіздің ашық жерлерін тигізбеңіз. Денеден тоқ өтуі электр тоғынан зардап шегу қаупін арттырады.
- Электр құралдарын жаңбыр немесе ылғалды орта әсерінен қорғаңыз. Электр құралына су тисе, электр тоғы соғу қаупі артады.
- Кабельді дұрыс пайдаланыңыз. Кабельді ешқашан құралды тасымалдау үшін, ашаны желі розеткасынан тарту не ажырату үшін пайдаланбаңыз. Кабельді жылу көздері, мұнай өнімдері, өткір заттар және қозғалғыш бөлшектерден аулақ сақтаңыз. Зақымдалған немесе буылған кабельдер электр тоғының соғу қаупін арттырады.


- Электр құралын бөлмеден тыс жерде пайдаланған кезде сыртта пайдалануға арналған ұзартқыш сымды қолданыңыз. Бөлмеден тыс жерде пайдалануға арналған сымды қолдану электр тогының соғу қаупін төмендетеді.
- Егер электр құралын ылғалды жағдайда пайдалануға мәжбүр болсаңыз, тоқты қорғаныстық ажырату құрылғысын (ТҚАҚ) пайдаланыңыз. Тоқты қорғаныстық ажырату құрылғысын пайдалану электр тогының соғу қаупін төмендетеді.
- Абай болыңыз, электр құралын пайдаланған кезде қырағылық танытып, әр қимылыңызға сақ болыңыз. Электр құралын шаршаған күйде немесе спирттік ішімдік, дәрі-дәрмек әсерімен пайдаланбаңыз. Электр құралдарымен жұмыс жасаған кезде зейіннің бір сәтке болсын алаңдауы ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғаныс құралдарын пайдаланыңыз. Әрқашан қауіпсіздік көзілдірігін тағыңыз. Шаңнан қорғайтын респиратор, табаны тайғақ емес аяқ киім, қорғаныс каскасы немесе есту мүшелерін қорғайтын құралдар сияқты жүргізілетін жұмыс түріне байланысты қорғаныс құралдары жарақат алу қаупін азайтады.
- Құрылғының өздігінен қосылуына жол бермеңіз. Электр желісіне қоспас бұрын қосу батырмасы өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз. Электр құралдарын саусақты қосу батырмасында ұстап тасымалдау немесе батырмасы қосулы күйде тұрған кезде электр құралдарын желіге қосу жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.
- Электр құралын қоспас бұрын барлық реттейтін кілттерді немесе сомын кілттерді алып тастаңыз. Электр құралының айналмалы бөлігінде қалып қалған кілт жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Көп күш жұмсамаңыз. Әрдайым тұрақтылық пен тепе-теңдік сақтаңыз. Бұл күтпеген жағдайларда электр құралын тиісінше бақылай алуға мүмкіндік береді.
- Тиісінше киініңіз. Кең киім кимеңіз және әшекейлер тақпаңыз. Шашыңызды, киім мен қолғаптарды қозғалмалы бөлшектерге жақындатпаңыз. Кең киім, зергерлік бұйымдар немесе ұзын шаш электр құралының қозғалмалы бөлшектерінде тұрып қалуы мүмкін.
- Егер шаңсорғыш және жинау құрылғылары берілген болса, олардың қосылғанына және дұрыс пайдаланылатынына көз жеткізіңіз. Мұндай құрылғыларды пайдалану шаңнан туындайтын қаупті төмендетуі мүмкін.
- Электр құралына артық жүктеме салынбауы тиіс. Электр құралын мақсатына сай қолданыңыз. Дұрыс таңдалған құралмен тиісті режимінде жұмысты жақсы және сенімді орындауға болады.
- Ажыратқышы дұрыс істемейтін электр құралды пайдаланбаңыз. Ажыратқыш арқылы басқарылмайтын кез-келген электр құралы қауіпті болып табылады және жөнделуі қажет.
- Электр құралдарын реттеу, керек-жарақтарын ауыстыру немесе сақтау алдында штепсельді қуат көзінен ажыратыңыз. Мұндай сақтық шаралары электр құралын байқаусызда іске қосу қаупін төмендетеді.
- Электр құралын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және электр құралын білмейтін немесе осы нұсқаулықтарды оқымаған адамдарға оны пайдалануға рұқсат етпеңіз. Тәжірибесі жоқ адамдардың қолында электр құралдары қауіпті.
- Электр құралдарын жұмысқа жарамды күйде ұстаңыз. Қозғалмалы бөлшектердің сырғуын немесе кептеліп қалмауын қадағалаңыз, бөлшектерінің зақымдалуы немесе электр құралдарының жұмысына

әсер етуі мүмкін басқа жағдайларға жол бермеңіз. Егер зақымдалған болса, электр құралын қолданар алдында оны жөндеп алыңыз. Көптеген жазатайым оқиғалар электр құралдарына дұрыс қызмет көрсетілмегендіктен болады.

- Кескіш құралдарды өткір және таза ұстаңыз. Кесетін өткір жиектері бар кескіш құралдардың күтімі дұрыс болса, олар көбінесе кептелмейді және оларды пайдалану оңайырақ болады.
- Электр құралы, керек-жарақтар, саптамаларды және т.б. жұмыстың шарттары мен сипатын ескере отырып, осы нұсқаулық және орындалатын электр құралының нақты түрінің мақсатына сәйкес қолданыңыз. Электр құралын мақсатынан тыс пайдалану қауіпті болуы мүмкін.
- Электр құралыңызға қызмет көрсетуіңізді білікті жөндеу маманына тапсырыңыз, ол үшін тектес бөлшектер ғана қолданылуы тиіс. Бұл электр құралының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Жұмыс істеп тұрған электр құралын қараусыз қалдырмаңыз. Әрқашан сөндіріп, толық тоқтағанға дейін құралды қоймаңыз.
- Қабырғаларда жұмыс жасағанда абай болыңыз. Электр, газ немесе су желілерінің зақымдануы қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін. Жұмыс аймағында жасырын электр сымдар немесе құбырларды анықтау үшін тиісті детекторларды пайдаланыңыз.
- Электр желісіндегі кернеудің құрылғы кестесінде көрсетілген кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Өңделетін дайындаманы бекітіңіз. Дайындама қысқыш құрал немесе қыспақ құрылғыда ұсталса, ол сенімді түрде бекітілген.
- Ұзартқыш кабельдерді пайдалану. Құралды қуаттандыруға арналған ұзартқыш сымдарын ғана қолданыңыз. Сымның минималды қимасы 1,5 мм<sup>2</sup> болуы қажет. Кабельдік катушкаларды қолданған кезде кабель әрдайым жазылған болуы қажет.
- Бұрғыны ауыстырмас бұрын әрқашан желі ашасын розеткадан суырыңыз. Назар аударыңыз: бұрғылар өте ыстық болуы мүмкін.
- Бұрғылар үшкір және жақсы қалыпта болуы тиіс. Жарылған және сынған бұрғыларды дереу ауыстырыңыз.
- Электр құралын сабырлықпен бірқалыпты пайдаланып жұмыс істеңіз. Осылай жазатайым оқиғалардың алдын алып, бұрғылар мен электр құралдарының қызмет ету мерзімін ұзартуға болады.

**Назар аударыңыз!** Осы пайдалану бойынша нұсқаулықта берілген немесе ұсынылғаннан басқа кез-келген керек-жарақты немесе құралдарды пайдалану жарақат алу қаупін тудыруы мүмкін.

## Құрылғы сызбасы




1. Патрон муфтасы.
2. Салқындатқыш желдету саңылаулары.
3. Бұрғылау тереңдігін шектеуіш.
4. Алынбалы тұтқа.
5. Тұтқаны бекіту бұрандасы.
6. Жұмыс режимдерін ажыратып-қосқыш.
7. Реверсті ажыратып-қосқыш.
8. Қосу/өшіру батырмасы.
9. Бұғаттау батырмасы.

## SDS Plus жұмыс құралын пайдалану

Бұл құрал SDS Plus патронымен жабдықталған.  
Біз тек кәсіби керек-жарақтарды пайдалануды ұсынамыз.


### SDS Plus патронын орнату және ауыстыру

1. Саптама сағасын тазалаңыз және майлаңыз.
2. Патрон муфтасын артқа қарай тартып, ұстап тұрыңыз (1).
3. Қашау сағасын патронға салыңыз.
4. Саға оймакілтектерге кіргенше саптаманы итеріп, бұраңыз.
5. Сенімді орнатылғанын тексеру үшін саптаманы тартып көріңіз.



### SDS Plus патронын шығару


Патронды/патрон муфтасын артқа қарай тартып, оны патроннан шығарыңыз.



### Цилиндр білікті бұрғылау патронын орнату

Металл, ағаш және пластикті бұрғылау үшін тісті тәж (керек-жарақ) және оған сәйкес адаптерді (керек-жарақ) пайдалануға болады.

1. Тазартылған бұрғылау патронын құрал ұстағышына бұрап салыңыз да, ол толық отырғанша басыңыз. Патрон автоматты түрде бекітіледі.
2. Сенімді бекітілгенін тексеру үшін бұрғылау патронын тартып көріңіз.





# Құрылғыны пайдалану

## Құралды қосу/өшіру





Құрылғыны қосу/өшіру батырмасы арқылы қосыңыз және өшіріңіз (8).

## Үздіксіз жұмыс

Қосу/өшіру батырмасы (8) және бұғаттау батырмасын (9) бір уақытта іске қосу арқылы, үздіксіз жұмысты қосыңыз. Үздіксіз режимді қосу/өшіру батырмасы (8) көмегімен қосыңыз.

## Жұмыс режимін таңдау

Қосылған күйде жылдамдықты қосу/өшіру батырмасы арқылы (8) реттеуге болады. Осылайша, тегіс беттерде бұрғылау үшін (мысалы, керамикалық плиткалар), бұрғы сырғып кетпес үшін баяу жылдамдық параметрін таңдауға болады. Жылдамдық режимін жұмыс орындалатын материалға байланысты таңдау қажет. Ұсынылған мәндер кестеде көрсетілген:



	Режимдер ауыстырып-қосқышы	Қосу/өшіру батырмасы
Қашау режимі	I	
Соққымен бұрғылау режимі Бетон және тасты бұрғылауға арналған	I	
Бұрғылау режимі Ағаш және металды бұрғылауға арналған	0	
Бұрандалы шегелерді бұрау және бұрап шығару режимі	0	

\* Кестеде шамаланған мәндер көрсетілген. Параметрлер саңылау диаметрі және материалдың физикалық сипаттамаларына байланысты өзгереді.

## Жұмыс режимдерін ажыратып-қосқыш

Жұмыс режимдерін ажыратып-қосқыш (6) тек құрылғы өшірілген кезде жұмыс істейді.

- Бұрғылау режимі.
- Бұрандалы шегелерді бұрау және бұрап шығару режимі.
- Соққымен бұрғылау режимі.



## Оңға/солға айналу арқылы бұрандалы шегелерді бұрау және бұрап шығару режимі


Құрылғының айналу бағытын реверсті ауыстырып-қосқыш (7) арқылы таңдауға болады).

Қауіпсіздік мақсатында, солға айналдырған кезде қосу/өшіру батырмасы (8) бұғаттау батырмасы арқылы (9) бұғатталуы мүмкін емес.

Бұл режимде SDS-plus сағасы бар (керек-жарақ) әмбебап адаптерді пайдаланылуы қажет.

## Бұрандалы бекітпе режимі

- Жұмыс режимін ауыстырып-қосқышты (6) сағат тілімен айналдыру режиміне орнатыңыз.
- Құрылғыны қосу/өшіру батырмасы (8) арқылы жылдамдықты қосымша реттей аласыз.



## Қашауларды қайрау


Қашауларды уақтылы қайраудың маңызы өте зор, өйткені жақсы жұмыс нәтижесі өткір қайралған құралдар қолданылған жағдайда ғана мүмкін. Қайрау құралдардың қызмет ету мерзімін ұзартуға және құрылғының жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қашауларды қайрау ажарлауыш шарықта (мысалы, корунд), сумен салқындату арқылы немесе дымқыл шарықта жасалуы қажет. Төменде ұсынылған мәндер келтірілген. Кесілген жерлерде ешқандай құбылма пайда болмағанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, қашаудың беріктігі бұзылады.


Ұсталық қашау



Жазық қашау



Қуыс қашау



## Бұрғылау тереңдігін шектеуіш

Бұрғылау тереңдігін шектеуіш (3) бұрғылау тереңдігін баптауға мүмкіндік береді.

## Алынбалы тұтқа

Қауіпсіздік мақсатында, соққымен бұрғылау режимінде құрылғыны тек алынбалы тұтқамен (4) ғана пайдалануға болады. Алынбалы тұтқаны (4) қажетті күйге бұру, құрылғы операторына түсетін физикалық жүктемені төмендетіп, операторға қауіпсіз жағдай алуға мүмкіндік береді. Алынбалы тұтқаны (4) айналдыру үшін алдымен тұтқаны сағат тіліне қарсы бағытта бұрап бұғаттан шығарыңыз, содан кейін оны қайта бекітіп бұраңыз.

## Техникалық қызмет көрсету

- Электр құралыңыз көп техникалық қызмет көрсетілуін қажет етпей, ұзақ уақыт жұмыс істеуге арналған. Құралдың қызмет мерзімі және төзімділігі тиісті күтімі мен тұрақты түрде тазартылуы арқылы артады.
- Жарақат алмау үшін керек-жарақтарды орнату немесе демонтаж жасау, параметрлерді орындау немесе өзгерту алдында құралды өшіріп, оны қуат көзінен ажыратыңыз. Батырмасы “ӨШІРУ” күйінде екеніне көз жеткізіңіз. Құралды байқаусызда іске қосу адам жарақатына әкелуі мүмкін.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін әрдайым құрал корпусын және желдеткіш саңылауларын кір мен шаңнан жұмсақ мата немесе майлықпен тазалаған жөн. Тұрақты ластануды сабынды сумен суланған жұмсақ матамен кетіру ұсынылады. Ластануды жою үшін бензин, спирт және т.б. сияқты еріткіштерді қолдануға болмайды. Еріткіштерді қолдану құралдың корпусын зақымдауы мүмкін.
- Егер патрон зақымдалған немесе тозған болса, оны дереу ауыстырыңыз, өйткені құрылғының ішіне шаң кірсе, оның жұмысында ақаулықтар пайда болуы мүмкін.

## Техникалық деректері

- Үлгісі: RHB0120.
- Желі параметрлері: 220-240 В / 50-60 Гц.
- Қуаты: 500 Вт.
- Айналымы: 1300 айн./мин.
- Соққы саны: 5900 соққы/мин.
- Соққы күші: 1,2 Дж.
- Саға: SDS-plus.
- Максималды бұрғылау диаметрі:
  - таста/гранитте — 20 мм.
  - ағашта — 40 мм.
  - металда — 13 мм.
- Салмағы (керек-жарақтарсыз): ~2,3 кг.
- Қорғаныш деңгейі: II.

## Жинақ құрамы

- Перфоратор.
- Бұрғылау тереңдігін шектеуіш.
- Бұрғылар 6 мм / 8 мм.
- Алынбалы тұтқа.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе үнемі қайталап бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушіде және тұтынушыда ауа температурасы 5 °С-ден 40 °С-ге дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жылытылатын орынжайларда қаптамасында сақталуы тиіс. Орынжайларда коррозияға әкелетін агрессивтік қоспалар болмауы керек (қышқыл булары, сілтілер).
- Құрылғы мұқият пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. қорғаңыз.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Егер құрылғы ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті муниципалдық органға немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын компанияға хабарласыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Юнкан Аобо Индастри Энд Трэйд Ко., Лтд.

Инъгуй 3 оңтүстік шоссесі, Чэнси жаңа ауданы, Юнкан қ., Цзиньхуа, пров.

Чжэцзян, Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан Республикасында шағымдар қабылдайтын**

**заңды тұлға:** «DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен конфигурациясы

пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі бұл нұсқаулықта көрсетілгенінен өзгеше болуы мүмкін.

Тауар Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкестігін міндетті растаудан өтті:

- ТР ТС 004/2011 «Төменгі вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».
- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламенті талаптарына сәйкес.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1







# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі бойы құрылғының үздіксіз жұмысына, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі сатып алынған күннен басталады және тек жаңа өнімдерге қатысты қолданылады.

Өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданылып, кепілдік мерзімі ішінде оның істемей қалуы тұтынушы кесірінен болмаса, кепілдік қызметі бойынша ақысыз жөндеу немесе элементтерін ауыстыру ұсынылады. Жөндеу немесе элементтерді ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтары аумағында жүзеге асырылады.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеуге байланысты болмаса, өнімге кіретін келесі керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП-на (қашықтан басқару пульті) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғастырғыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; түрлі типтегі ақпарат сақтау құралдары, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және жинаққа енгізілген драйверлер (өнімнің қатты диск жетегінде алдын ала орнатылған БЖ қосқанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белбеулер, тасымалдау баулары, құрастыру құралдары, құрал-саймандар, өніммен бірге жеткізілетін құжаттар.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектер.



## **Келесі жағдайларда өндірушіге кепілдік міндеттемелері жүктелмейді:**

- Кепілдік мерзімі аяқталса.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған өнім кәсіпкерлік қызмет мақсатында, сондай-ақ оның тікелей қызметіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, орнату және техникалық қызмет көрсету, қосу ережелерін (сонымен қатар өнімнің өзіне, онымен байланысты өнімдерге де электр желісінің сәйкессіз кернеуіне байланысты туындаған қысқа тұйықталу), өнімді сақтау және тасымалдау жөніндегі ұсыныстарды орындамау нәтижесінде өнім иесінің және/немесе үшінші тұлғалардың ықтимал материалдық, моральдық және басқа зиян шегуіне өндіруші жауап бермейді.
- Механикалық зақымдануына байланысты барлық жағдайлар: өнімді пайдалану кезінде алынған кетіктер, жарықшақтар, деформациялар, соққы іздері, ойықтар, майысулар және т.б.
- Жөнделу жұмыстарын жүргізуге өкілеттілігі жоқ тұлғалар өзге түрлендірулер енгізген, рұқсатсыз жөндеген болса. Егер ақаулық өнімнің құрылымы немесе схемасының өзгертілуі, өндірушімен қамтамасыз етілмеген сыртқы құрылғылардың қосылуы, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан пайда болса.
- Егер өнім ақаулығы тежеусіз күш әрекеті жағдайларынан (табиғи апаттар, өрттер, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және өндірушінің бақылауынан тыс басқа жағдайлар) немесе өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Өнімге бөгде нәрселер, бөтен денелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлардың енуінен, агрессивтік орта, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындаған ақаулық, өнімнің толық немесе ішінара бұзылуына әкелген болса.
- Өнімнің сәйкестендірілуі (сериялық нөмірі) жоқ болса, әлде сәйкес келмесе. Егер зақымдалу (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен болса; құпиясөздерді (кодтар) орнату, өзгерту немесе жою салдарынан арылту/қалпына келтіру мүмкіндігі жоғалып, өнімнің бағдарламалық ресурстары қолжетімсіз болса, себебі бұл бағдарламалық жасақтама жеткізуші тарапынан мұндай қызмет қарастырылмаған.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигналдық қуаттың стандарттар немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен туындаса, соның ішінде жер бедерінің ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторларға байланысты, өнімді желі әрекет аймағынан тыс немесе шекара жерлерде пайдалану салдарынан болса.
- Егер зақымдалу стандарттан тыс (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (бүлінген) шығыс материалдары, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, қуаттандыру құралдары, түрлі ақпарат тасымалдағыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілер, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін мазмұнды (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар) қабылдау, орнату және пайдалану салдарынан туындаса.
- Осы өніммен бірге жұмыс істейтін басқа жабдыққа зақым келген болса.





